

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»
управления образования
Павлодарской области

БҮЙРЫҚ

2024 ж 07 ғасыр

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/494

город Павлодар

«Педагогикалық бастамалар - 2024»
қалалық конкурсын өткізу туралы

Білім беру бөлімінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудегі озық тәжірибелі анықтау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. «Педагогикалық бастамалар - 2024» қалалық сайысы екі кезеңде өткізілсін:

Бірінші кезең - іріктеу (сараптамалық): 2024 жылғы 21-22 қазан аралығында.

Екінші кезең - қорғай 2024 жылғы 28 қазандан.

2. «Педагогикалық бастамалар - 2024» қалалық конкурсының ережесі бекітілсін (1-қосымша).

3. Қазылар алқасының құрамы бекітілсін (2-қосымша).

4. Білім беру бөліміне 07-20 қазан аралығында өтінім мен конкурс материалдарын metod@goo.edu.kz электрондық почтасына жіберілсін (3-қосымша).

5. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет менгерушісі А.Ш. Сипатоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

К.Қыдрадалин

Таныстым:

1 қосымша

Павлодар қаласы білім беру
бөлімінің 2024 жыл «7» наурыз
№1-01/494 бүйрігі

«Педагогикалық бастамалар – 2024» республикалық конкурсының қалалық кезеңінің Ережесі

Жалпы ережелер

1. Осы «Педагогикалық бастамалар» (бұдан әрі – Конкурс) облыстық конкурсын өткізу Ережесі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленген.
2. Конкурсты жылына бір рет Павлодар қаласының білім беру бөлімі әдістемелік кабинет өткізеді.
3. Конкурсқа директорлар, директордың орынбасарлары, білім беру үйымдарының барлық түрлері мен типтерінің педагогтері, мектепке дейінгі үйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлері, музыка қызыметкерлері, қосымша білім беру педагогтері, сынып жетекшілері, психологтер, логопедтер, дарынды балалармен жұмыс жасайтын өндірлік орталықтардың әдіскерлері қатысады.
4. Әр қатысушы жеке қатысады, топтық жоба қарастырылмаған.
5. Конкурс қоғамға өзінің зияткерлік еңбегінің нәтижесін көрсеткісі келетін және кәсіби қауымдастықтың ішінде үздік педагогикалық тәжірибесімен бөліскісі келетін белсенді және шығармашыл педагогтерге бағытталған.
6. Конкурс бағыты коммуникативтік және басқа да құзыреттілік түрлерін дамыту, ұтқыр білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу үшін басшылар мен педагогтердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқыту әдістемесі мен технологияларын жетілдіру, тәжірибе алмасу, мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру, заманауи мектептің кадрлық әлеуетін қолдау, Қазақстанның мәдени-білім беру кеңістігінің бірлігін сақтау және нығайту.

Конкурстың мақсаты мен міндеттері

7. **Мақсаты** – білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудегі озық тәжірибелі анықтау, педагог қызыметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
8. Конкурстың міндеттері:
 - педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру;
 - білім беру кеңістігін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
 - озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
 - заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
 - педагог мамандығының оң имиджін қалыптастыру;
 - орта білім беру жүйесін жаңыртуудың және тәжірибе алмасудың өзекті мәселелерін талқылау үшін пікірталас аландарын құру;
 - жанашыл мұғалімнің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі

9. Өткізу мерзімдері:

Конкурс 3 кезеңде өткізіледі:

I кезең – қалалық өтінім жинау – 2024 жылғы 4-18 қазан;

II кезең – іріктеу (сараптамалық) – 2024 жылғы 21-25 қазан;

III кезең – қорғау (тәжірибе презентациясы), оффлайн форматта – 2024 жылғы 28 қазан.

10. Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

1) «**Білім беру жүйесіндегі менеджмент**» (директорлар, білім беру ұйымдары директорларының орынбасарлары, дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық орталықтың әдіскерлері);

2) «**Шеберлік палитрасы**» (пән мұғалімдері):

- ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндер (химия, биология, география, экология);

- физика-математика бағытындағы пәндер (математика, физика, информатика);

- қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер (қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, тарих, құқық);

- ағылшын тіліндегі жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер;

- қолданбалы цикл (көркем енбек, дене шынықтыру, технология, АӘД, музика, қолданбалы өнер).

3) «**Шығармашыл толқын**» (бастауыш сынып және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері);

4) «**Сабак аяқталған соң...**» (сынып жетекшілері, тәрбиешілер, қосымша білім беру орталықтарының педагогтері);

5) «**Психолог сандықшасы**» (психологтер, логопедтер, әлеуметтік педагогтер, дефектологтер).

11. Баяндама жасау түрлері: ТЕДх форматында ТАРАТУФА ЛАЙЫҚТЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫ ұсыну (осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес).

12. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ регламенті – кемінде 7 минут.

13. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫ рәсімдеуге ұсынылатын талаптар:

- жобаның көлемі шексіз;

- A4 форматында, RS Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен жазылуы керек (әр жолдың аралығы бірыңғай, шрифттің көлемі-14, шет сзығы-25 мм)

- титул парагында автордың толық аты-жөнін, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ атауы, бағыты, қызметі, білім беру ұйымының мекенжайы мен телефоны, автордың мекенжайы мен телефонын, e-mail көрсетілу қажет.

Конкурсқа ұсынылған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР рецензияланбайды және қайтарылмайды.

14. Ұйымдастыру комитетіне электрондық түрде ұсынылатын құжаттар:

- конкурсқа қатысу туралы өтінім;
- қазақ және орыс тілдерінде ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ аннотациясы;
- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ тезистері.

15. Конкурсқа авторлық құқық объектілері болып табылатын жұмыстардың фрагменттері қолданылған материалдар құқық иеленушілердің келісімінсіз қабылданбайды.

16. Конкурсқа соңғы 3 жылдағы қатысушылар жіберілмейді.

17. ТАРАТАУҒА ЛАЙЫҚТЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ бағалау өлшемшарттары:

1. Мақсаттары мен міндеттері.
2. Мазмұны.
3. Сөйлеуді дұрыс ұйымдастыру.
4. Тиімділікті бағалау.
5. Жеке жетістіктері.

Мақсаттары мен міндеттері

Сөз сөйлеудің мақсаттары мен міндеттерін қоюды бағалау:

- педагогикалық идеяның өзектілігі
- педагогикалық идеяның толығымен зерттелуі
- қатысушы оның осы салаға деген қызығушылығы немен байланысты екенін көрсетуі.

Мазмұны

Қатысушының сөйлеу мазмұнымен келесі критерийлер бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеуді бағалау:

- ақпараттың дұрыстығы;
- ақпаратты таңдау;
- көрнекі материалды пайдалану;
- практикалық қажеттілігі.

Сөйлеуді ұйымдастыру

Қатысушының көпшілік алдында сөз сөйлеуі келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- сөздің бір бөлігінен екіншісіне аудиудың бірқалыштылығы
- монологтың барлық бөліктерінің бірізділігі
- барлық құрамдастардың бірлігін растайтын қорытынды

Тиімділігін бағалау

Қатысушының сөз сөйлеуінің презентациясы және сөйлеу сапасының өлшемдері мен мәнері бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеудің тиімділігін бағалау:

- мазмұндама аудиторияға жарқын және жағымды болды ма;
- оның сөзі түсінікті және эмоционалды болды ма;
- артикуляция дағдылары қандай болды;
- қатысушының көзқарасы қандай болды және олар ауысып отырды ма;
- аудиторияның алдында өзін ұстау тәсілі қаншалықты табысты болды.

Жеке жетістіктері

Көпшілік алдында сөз сөйлеу анализі шешенниң жеке жетістіктерін деескереді.

Мысалы:

- аудиториямен байланыс құру;
- сөйлеу мәнеріне, тақырыпқа аудиторияның шынайы қызығушылығы;
- аудиторияның сұрақ-жауап арқылы белсенділігі;
- қатысушының сөз сөйлеу тақырыбы бойынша қойған жаңа пікірінқалыптастыру;
- аудиторияның қажет болған жағдайда қатысушыны қолдауы немесе оның алға қойған көзқарастарынан толық иелігінен шығуы.

Ұйымдастыру комитеті

18. Конкурсқа басшылық етуді Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

19. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады:

- конкурстың ресми интернет-парақшасында әдітемелік және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- қалалық конкурстың өту тәртібі мен мазмұнын бекітеді;
- конкурстың қалалық қорытынды кезеңінің өту орны мен мерзімін анықтайды;
- конкурс сертификаттарын беру ретін белгілейді;
- конкурстың қалалық кезеңдеріне қазылар алқасын белгілейді.

20. Конкурстың алғашқы кезеңінің жеңімпаздарының материалдарын қалалық ұйымдастыру комитетіне уақытында ұсынады.

Қазылар алқасының функциялары

20. Қазылар алқасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- ұсынылған конкурстық материалдар және конкурстың қалалық кезеңінде қорғау негізінде өлшемдерге сәйкес Конкурстың қалалық кезеңінің конкурстық сынақтарының орындалуын баллмен бағалайды;
- Конкурстың қалалық кезеңінің жеңімпаздарын анықтайды.

21. Қазылар алқасының шешімі хаттамалармен ресімделеді. Хаттамаларды жүргізу қазылар алқасының хатшыларына жүктеледі.

Конкурс женімпаздарын марапаттау

22. Педагогикалық қызметкерлердің конкурсың қатысу қорытындыларын «Педагогикалық бастамалар» конкурсының финалында казылар алқасы шығарады.

23. Қазылар алқасының сараптамалық бағасы үздік жұмыс үшін – 86-100% (13 – 15 балл) құрайды. Қазылар алқасының сараптамалық бағалаудынан 80% (12 балл), 73% (11 балл) өткен қатысушыларға Павлодар қалалық білім беру бөлімінің «Педагогикалық бастамалар – 2024» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне қатысқаны үшін сертификаты беріледі.

24. Конкурстың облыстық III кезең жеңімпаздары (2024 жылғы 28 қазанда қорғаудан өткен) республикалық «Педагогикалық бастамалар фестиваліне» жіберіледі.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

25. Павлодар қ., Кривенко көшесі, 25, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ
26. Байланыс телефоны: 8 (777) 285 37 67

УЛГІ / ОБРАЗЕЦ

«Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының «Педагогикалық бастамалар -2024» қалалық (іріктеу, сараптамалық кезеңге) қатысу туралы өтінім

№	№
Мекеменің атаяуы	Қала
Оқыту тілі	Тері, аты-жөні
Тұған жылы	Лауазымы
Еңбек өтілі	Санаты
Тәжірибе тақырыбы	Максаты
Бағыты	Үздік педагогикалық тәжірибелің корытындысы (тәжірибелі бөліскен жері)
Денгей (мектеп, аудан, қала, облыс)	Электронды поштасы, байланыс телефоны

2- қосымша

Павлодар қаласы білім беру
бөлімінің 2024 жыл «7 » Апрайл
№ 1-03/494 бүйріғы

**«Педагогикалық бастамалар -2024»
қалалық байқауын ұйымдастыру комитетінің құрамы**

p/c	Аты – жөні, тегі	Лауазымы
1	Асаинова Жанат Кабатаевна	Комиссия тәрағасы, білім бөлімі басшысының орынбасары
2	Сипатова Әсел Шаймарданқызы	Комиссия тәрағасының орынбасары, әдістемелік кабинет менгерушісі
3	Шиндлярская Галина Александровна	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
4	Ильясова Құралай Қаматқызы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
5	Алимова Сәбира Жамбылқызы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
6	Нұрахметова Шолпан Сәменқызы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
7	Раисов Қадырбек Сатыбалдыұлы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
8	Қайырғазина Шолпан Шаханқызы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
9	Алибаева Зарина Серікқызы	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
10	Дуненбаева Сабина Маратовна	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
11	Рахимжанова Кундуз Муратхановна	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
12	Нургалиева Нургуль Каироллаевна	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері
13	Аубакирова Самал Тлектесовна	Қалалық білім беру бөлімінің әдіскері